Тамақпен қамтамасыздандыру бойынша қызмет көрсету туралы № 7 келісім-шарт.

Павлодар қ., М. Горький к., 102/4 2016 жылғы «24» ақпан

«Павлодар қаласының №20 мектеп-лицейі» ММ «Тапсырыс беруші» деп аталатын Жарғы негізінде әрекет етуші директоры
Гүлнар Тұияққызы Топанова, Жарғы негізінде бір тараптан және басқа тараптан әрі қарай Жеткізуші деп аталатын ЖК «Комарова Е.А.» атынан негізінде әрекет етуші директор Елена Алексеевна Комарованың, 12915 сериясы №0288906 куәлігінің негізінде. Басқа жағынан 2016 жылдың «19» ақпан күні өткізілген конкурс қорытындысы хаттамасының негізінде, оқыту мекемесінде оқушылардың тамақтандыруды ұйымдастыру қызметін көрсету бойынша нақты Келісім бекітілді, төмендегі бағдарламаға сәйкес:
464 - аудан жалпы білім беру бөлімі (қала облыс мағынасында)
003 - жалпы білім беру
015 - жергілікті бюджет қаржысы арқылы
163-специфика -«Міндетті орта білім беру қоры шығыны» төмендегідей туралы келісімге келді:

1. Жеткізуші тапсырыс берушіге мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыздандыру қызметін көрсету (бұдан әрі – Қызмет көрсету) бойынша міндеттемелер алады, соның ішінде жеке категориядағы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыздандырудың бағасы **300 000,00 (үш жүз мың) теңге 00 тиынды құрайды.**

2. Бұл келісім шарттағы түсініктеме төмендегідей:
1) «Келісім - шарт» - азаматтық-құқықты акт, екеуара Тапсырыс беруші және Жеткізуші, азаматтық-құқықты актілерге тағы оған сәйкес іс-құжаттарға екі жақты қол қойған;
2) ««Келісім - шарт бағасы» - бұл Тапсырыс берушімен Жеткізушінің келісім-шартқа сай толық міндеттерін орындауына төленген сома;
3) «Қызметтер» - сапалы және денсаулыққа зиянсыз балаларды тамақтандыру;
4) «Тапсырыс беруші» - «Павлодар қаласының №20 лицей- мектебі» Мемлекеттік мекемесі.
5) «Жеткізуші»- «Е.А. Комарова» жеке кәсіпкер.
6) «Форс-мажор» - Тараптардың еріктерінен тәуелсіз және бақылауына бағынбайтын, болжамсыз сипаты бар жағдайлар. Мұндай жағдайларды қосады, бірақ табиғи немесе сұрапыл апат, эпидемия, карантин және эмбарго, мемлекеттік үкіметтің және басқарма органдарының шешімі, және олардың лауазымды тұлғалары Тараптардың келісім-шарт бойынша міндеттерін орындауға бөгет ету секілді жағдайлармен шектелмейді.

Егер форс-мажорлық жағдай нәтижесінде нақты Келісім-шарттың шарттары толық немесе ішінара орындалмаса, онда ол үшін Тараптарға жауапкершілік жүктелмейді.

3. Төмендегі аталған құжаттар мен онда келісілген шарттар нақты Келісім-

шартты құрайды және оның ажыратылмайтын бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) нақты Келісім-шарт;
2) техникалық тапсырма;
3) Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Жеткізуші Келісім-шарттың орындалуының қамсыздануына (банктік кепілдік немесе кепілді ақшалы жарна) түрінде, конкурстық құжаттарда қарастырылған шарттар және көлемді еңгізеді.

5. Үшінші тұлғалардың Келісім-шарт орындалуының қамсыздануын толық немесе ішінара талап ету құқығын тудыратындай іс-әрекеттерді Жеткізуші болдырмауы қажет. Жеткізуші еңгізген, Келісім-шарт орындалуының қамсыздануын Тапсырыс беруші қолдана алмайды.

6. Келісім-шарт 2016 жылдың 1-ші наурызынан 31 желтоқсанға дейін құрылады және Жеткізуші тарапынан Келісім-шартты орындау кезінде бұзушылықтар болмаса, мерзімнің аяқталуына байланысты созылады.

7. Жеткізуші қызмет көрсетуге, ал Тапсырыс беруші оны қабылдауға және нақты Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, техникалық тапсырмаға сәйкес жеке категория бойынша мектепте оқитын 12 (он екі) оқушыны тамақтандырумен қамтамасыз ететін қызметті төлеуге міндеттенеді.

Төлеу түрі аудару.

8. Орындалған қызметіне қарай, қаржыландыру жоспарына сәйкес ай сайын төленеді.

9. Төлеуге қажетті құжаттар: оқушылардың тамақтануының есеп табелі, забор парақтары, есеп фактурасы.

10. Жеткізуші Тапсырыс берішуден алдын ала алынған жазбаша келісімінсіз Келісім-шарттың мазмұнын, сонымен қатар Тапсырыс берушімен немесе басқа тұлғамен берілген ақпаратты немесе құжаттарды ешкімге аша алмайды, тек Жеткізушімен нақты Келісім – шартты орындауға жұмылдырылған қызметкерге ғана аша алады. Аталған ақпарат осы қызметкерге құпия және оған келісім-шартты орындауға керек көлемде ғана жеткізу керек.

11. Жеткізушіге жалпы орта білім беру бөлімінде жеке категория бойынша оқитын оқушыларды тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру қызметін төлеу түрі мен мерзімі нақты Келісім-шарттың 8 және 9 бөлімінде көрсетілген.

12. Бір реттік мектепішілік тамақтанудың құны Тапсырыс беруші бекіткен құнынан аспауы керек.

13. Жеткізушінің қызмет көрсету мерзімі Келісім-шартта бекітілген мерзіммен сәйкес болуы қажет.

14. Жеткізуші тарапынан қызметтің тоқтап қалуы кезінде Тапсырыс берушінің нақты Келісім-шартты бұзуына негіз бола алады, сонымен қатар Жеткізуші қызметті уақытында орындамағаны үшін заңмен қарастырылған айып төлем төлейді.

15. Егер Жеткізуші Келісім-шартпен мерзімге сәйкес қызметтерді орындамаса, Тапсырыс беруші Келісім-шарттың құнынан әр күнгі берешек үшін 0,1 % айып төлем ұстап қалады.

16. Тапсырыс беруші Келісімнің шарттарының бұзылғандығы үшін нақты Келісім-шартты толық немесе ішінара тоқтатады, Жеткізушіге міндетерін орындамағаны туралы ескерту жібереді:

а) егер Жеткізуші қызметін толық немесе бір бөлігін нақты Келісім-шартпен қарасытырылған мерзімде немесе Тапсырыс берушімен ұсынылған, бұл Келісімді созған мерзім ішінде орындамаса;
ә) егер Жеткізуші Келісім бойынша басқа міндеттерін орындамаса.
17. Төтенше жағдайларға қатысты Келісім-шарт мерзімдері бұзылса, Жеткізуші айыпақымен Келісім-шарттың бұзылған жағдайлар үшін жауапкершілік етпейді.
18. Қауіпті жағдай кезінде Жеткізуші жазба түрде Тапсырыс берушіге болған жағдайдың себебі туралы ескерту жіберіп, Тапсырыс берушіден жазбаша нұскаулар болмаса, Келісім-шарт бойынша міндеттерін орындай береді.
19. Жеткізуші төлеуге шамасы келмесе, банкрот болса, Тапсырыс беруші, жазбаша түрде ескертпе жіберіп, онымен кез келген уақытта біржақты Келісім-шартты бұза алады.
20. Тапсырыс беруші кез келген уақытта мақсатсыз Келісім-шарт жағдайларын бұзып, жазба түрде Жеткізушіге, Келісім-шарттың бұзылған уақытын, мезгілін, себебін көрсетіп, хабарлайды.
21. Жоғарыда аталған себептерге сәйкес Келісім-шарт бұзылса, Жеткізуші Келісім-шарт бұзылған уақытқа дейін атқарылған қызметіне нақты жіберілген шығындары үшін төлемақы талап етуге құқылы.
22. Тапсырыс беруші мен Жеткізуші тура келіссөз, дау,талас мәселелерін Келісім-шарт бойынша шешу үшін барлық талап - жігерлерін салу керек.
23. Егер мұндай сөйлесулердің басталуынан кейін 21 (жиырма бір) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Келісім-шарттар бойынша даулар шешілмесе, онда кез-келген тарап бұл мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.
24. Келісім-шарт қазақ және орыс тілінде құрылады.
25. Келісім - шартқа сәйкес бір тараптан келесі тарапқа жіберілген әр ескертпе хат,телеграмма, телефакс және факс арқылы жіберіледі.
26. Ескертпе жеткізілген немесе көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.
27. Бюджетке салық және басқа арнайы төлемдер Қазақстан Республикасының салық Заңдылықтарына сәйкес төленеді.
28. Қазақстан Республикасының заңдылығына қайшы келмейтін шарттарды, не болмаса бекітілген тәртіппен Тапсырыс беруші және Жеткізушімен келісілген айыппұл шараларын нақты Келісім-шарт қарастырады.
29. Нақты Келісім-шарт Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелгеннен кейін және Жеткізушінің Келісім-шарттың орындалуын қамсыздандырғаннан кейін күшіне енеді

30. Келісім-шарт мерзімі 2016 жылдың 1-ші наурыздан 31-ші желтоқсанға дейін.

31. Тараптардың заңды мекен-жайы және банктік реквизиттері

Тапсырысшы	Жеткізуші
«Павлодар қаласының №20 мектеп-лицейі» ММ	ЖК «Комарова Е.А.»
Код-4648406	ИИН590329450200
Индекс 140001	БИК TSESKZKA
Павлодар қ., М. Горький к., 102/4 үй,	ИИК KZ
БИН-021240004491	83998FTB0000074816
ИИК- KZ02070103KSN4515000	АҚ «Цесна банк»
Павлодар облысы бойынша	
Қазынашылық Департаменті	
БИК- KKMFKZ2A	
Кбе-12	Кбе- 19
Тел: 8 (7182) 31-42-44	Моб.тел.: 8 7775610449
Директор_____ Г.Т. Топанова	Директор
(қолы)	_____Е.А.Комарова
	(қолы)
«24» ақпан 2016 ж.	___2016 ж.
М.О.	